Қазақстан-2030

Н. НАЗАРБАЕВ: "2030 жылы біздің балаларымыз... Қазақстан мен Қазақстан халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоятын мамандар бола отырып, жаңа дәуір жағдайында жұмыс істейтін болады".

ЖОҒАРЫ БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

Кенжеғали САҒАДИЕВ:

«ҚАЗАҚ ІЛІМ-БІЛІМГЕ ЫНТАЛЫ ХАЛЫҚ»

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАЗИРАСЫНДА ӨЗІНДІК ҮЛЕСІ БАР ІРІ ТҰЛҒА, РЕСПУБЛИКАМЫЗДАҒЫ САНАУЛЫ ЭКОНОМИСТЕРДІҢ БІРІ, ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖӘНЕ ОСЫ АКАДЕМИЯНЫҢ ТОЛЫҚ МҮШЕСІ КЕНЖЕҒАЛИ ӘБЕНҰЛЫ САҒАДИЕВТІ КӨПШІЛІККЕ ТАНЫСТЫРУ АРТЫҚ БОЛАР.

ӨЙТКЕНІ ОЛ ӨЗІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ, ҒЫЛЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ АРҚАСЫНДА ЕЛ НАЗАРЫНА ЕРТЕ ІЛІККЕН ҚАЙРАТКЕР.

БІРНЕШЕ ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ МҮШЕСІ Қ. САҒАДИЕВТІҢ 250-ДЕН АСТАМ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР ЖАРИЯЛАНҒАНЫН, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ 6 ДОКТОРЫ МЕН 34 КАНДИДАТЫН ДАЙЫНДАП ШЫҒАРҒАНЫН, ЕЛІМІЗДІҢ БІРНЕШЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БАСҚАРЫП, 40 ЖЫЛДАЙ ДӘРІС БЕРІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН АЙТСАҚ ТА ЖЕТКІЛІКТІ. ШЫН ҒАЛЫМ МЕН ШАЛАЖАНСАР ҒАЛЫМНЫҢ АРАЖІГІН АЖЫРАТА АЛМАСТАЙ БОЛЫП БАРА ЖАТҚАН БҮГІНГІДЕЙ ЗАМАНДА ДА КЕНЖЕҒАЛИ ӘБЕНҰЛЫ СИЯҚТЫ ШЫН ДАРЫНДАРДЫҢ НАР ТҰЛҒАСЫ АЛЫСТАН МЕН МҮНДАЙЛАЙТЫНЫ АҚИҚАТ.

БІЗ ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВПЕН ОСЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ТӨҢІРЕГІНДЕ ӨҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.

– Бұл оқу орны бұрындары тек қана ауыл шаруашылығы мамандарын дайындап, ел ішіне аттандырып жататын. Бүгіндері аграрлы сектор өзгерді, бұрынғыдай колхоз, совхоз жоқ. Фермерлер мен шаруа қожалықтарына қажетті маманға деген сұраныс зерттеле ме? Студенттер қабылдау мөлшері қандай негізде анықталады?

– Қазіргі уақытта ауылдағы әлеуметтік-шаруашылық жүйесі құрт өзгеріп кетті. Бұрын әрбір колхозда, совхозда 20-30-дан жоғары білімі бар мамандар болатын. Бұл күнде жағдай басқаша. Осыған орай, бізге "ауыл шаруашылығы мамандары керек пе?" деген сұрақтар көп қойылады. Біз "Әрине, керек" дейміз. Неге? себебі, Қазақстан халқы басқаны былай қойғанда өзін-өзі тамақтандыруы қажет емес пе. Дүниежүзінде біздей жері көлемді мемлекет аз. Сол жерге өрістетіп мал өргізбесек, жайқалтып егін салмасақ жеріміз кең-байтақ деп несіне мақтанамыз. Ал, әрбір екken егіннің түсімін арттырып, малдың тұяғын сапалы өсіру үшін маманның рөлі ерекше. Мысалы, кешегі шегірткенің ыланын бәрі біледі. Соны токтатқан мамандар. Онымен күресудің жолын тапты, оның технологиясын, әдістемелерін жасады. Осының бәрін өндіріске ұсынды. Сондай-ақ, казір әлемде жұқпалы мал аурулары бой көтеріп келеді. Осыны бақылайтын кім? Әрине мал дәрігерлері. Сондықтан бізге мамандар аса қажет.

Біз жыл сайын ауылда қандай ұжымдар бар, оларға қанша және қандай маман керек, соны жергілікті жерлермен хабарласып, байланыс жасап отырмыз. Ал студенттерді оқуға қабылдау жүйесі өзгеріп кеткеніне биыл үшінші жылға айналып барады. Сол жүйе бойынша әрбір жоғары оқу орны бұрынғыдай жеке-жеке қабылдамайды. Қазір талапкерлерді тестен өткізетін орталық бар. Барлық жерлерде жастар тест тапсырады, тест қортындысы сол орталықта анықталып, жинаған балдары сәйкес келетін талапкерлердің әркайсысына мемлекеттік куәлік беріледі. Біз мемлекет тапсырмасымен қабылдаймыз.

– Биылғы 2001-2002 оқу жылына мемлекет тарапынан қаншалықты дәрежеде грант пен несие болшбекпп?

– Жылына 600-650 талапкерге грант пен несие бөлінеді. Онын сыртында төлемақы төлеп оқитын бөлімге де осыншалық студенттер қабылданады. Осының бөрін есептегенде жылына 1200-1300 жастар келіп, дәріс алып, маман болуға дайындалады.

– Қазір дипломды жұмыссыздар саны көп. Сіз калай ойлайсыз, бұл жастар да ертең солардың қатарын толықтырып жүрмей ме?

– Жоқ, олай болмайды деп ойлаймын. Біріншіден, мамандарды бұрынғыдан 2-3 есе аз мөлшерде дайындаймыз, екіншіден, жана жүйемен жаңалыққа сәйкес маманданады, үшіншіден, жылда диплом алар туста көптеген ұсыныстар келіп жатады "бізге жіберіндер" деген.

– Мысалы?

– Мысалға жуырда ғана Ертіс – Қарағанды каналының жанындағы көкөніс өсіретін теплицадан 30 агрономға сұраныс келді. Биыл алғашқы түлектерін ұшырып отырған "халықтық экономика" деген мамандығымыз бар. Оны тәмамдаған жас мамандарымыздың қолына диплом алғанына екі апта ғана болса да жартысынан көбі жұмыска орналасты. Біз жылды қанша жас маман бітіріп шықты, онын қаншасы жұмысқа орналасты, нешеуі бос жүр барлық ақпаратын алып отырамыз.

– Аграрлық университетті бітірушілердің дипломының басқа мемлекетте мойындалуы кандай?

– Әлі күнге деиін бұл туралы құжаттарға қол қойылмай жатыр. Жалпы, келісім бар – білім беру жағынан бір-бірімізбен бірігіп жұмыс істеиміз деген.

– Ақпараттар агынында "Біздің дипломды басқа елдер менсшбейді" деген әңгімені білім министршің аузынан естіп қалдық?

– Мойындамайды емес, оған келісім керек. Айталық, біздің университетте жылына Пәкістаннан, Қытайдан, басқа да мемлекеттерден 50-60 адам келін оқиды. Ал, егер, олардың дипломын елінде менсінбесе олар 5 жыл бойы осында жүріп оқымаған болар еді. Мұндай сыруттан келіп дәріс алушылар саны жылдан жылға артып келеді. Мысалы, бізден мамандық алған мал дәрігерлерінің білімі елдерінде "өте сапалы" деп бағаланады. Бұл мойындау емес пе.

– Президент білім өеруді халықаралық деңгейге котеру жайында мәселе қойды. Осы орайда сіз баскарыш отырған университет кандай мәселелерді қолға алмақшы?

– Президенттің қойған талабы өте дұрыс. Біз ашық экономиканы уағыздап отырған елміз. Халықаралық қатынасымыз жылдан жылға артып келеді. Бізден дайындалған мамандардың деңгеиі басқа мемлекетте білім алғандардан кем болмауы керек. Мысалы, Германия, Америка, Ұлыбритания, Голландия елдерінде кадрлар өте жақсы даярланады. Біздің де деңгейіміз жалпы жаман емес. Десек те, мақсатымыз бізден ілгері мемлекеттердің оқу, мамандар тәрбиелеу тәжірибелерін бойымызға сіңіріп, өзіміздің деңгейімізді сатылап-сатылап жоғары көтеру. Біздің университет былтырдан бастап, халықаралық екі ортақ бағдарлама орындауға кірістік. Біріншісі – Алманияның Ваин Штефин, Американың Гагани университеттерімен бірігіп, аграрлық жүйені басқаратын менеджменттен мағистр дайындау. Қазір оған французздар мен италияндықтар қосылып отыр. Ал екіншісі – Германияның Хоен Хаин және Голландиянын Ваген-гин деген университеттермен бірігіп агроэкология және ауылшаруашылық ресурстарын пайдалану жағынан магистр дайындаудамыз. Ал, болашақта интернет технологиясын пайдалану жөнінде үлкен бір жобамыз бар.

– Университеттің ғылыми потенциалы кандай деңгейде, ғылыми-зерттеу институттарымен байланыстарыңыз бар ма?

– Менін ен бірінші ауыз толтырып айтатыным — бізде ғылым деңгеиі жан-жақты қалыптасқан. Университеттің 70 жылдан астам тарихы бар, мұнда үлкен-үлкен ғалымдар кызмет етеді. Сондықтан, біз ғылыми ұжымдар ашуға талпындық. Қазір тек қана өзіміздің университеттің – мал шаруашылығы, экономика, инженер-маклер, ағрономия және жер мәселесі, ағаш және орман шаруашылығы деген 5 ғылыми-зерттеу институттарымыз бар. Олардың әркайсысынын жеке-жеке бағдарламасы, үлкен-үлкен ізденістері нәтижесін көрсетіп келеді. Бұдан басқа да еліміздегі 32 ғылыми-зерттеу институтарымен келісім-шарт бойынша қызмет істеп келеміз. Олардың ғалымдары бізге келіп дәріс береді, біздің студенттер сол жерлерде практикадан өтеді. Ұлттық аграрлық орталықтың жеке институтарында біздің кафедралардың филиалдары бар. Сонда барып, оқу әдістемеліктерін жалғастырамыз, ғылыми ізденістер жасаймыз.

– Оқытушылар мен профессорлар құрамына көніліңіз тола ма?

– Алдынғы қатарлы жоғары оқу орындарының біріміз. Мүйізі қарағайдай-қарағайдай майталман ғалымдар мен ұстаздарымыз баршылық. Әсіресе, орта және одан сәл-пәл жоғары жастағы азаматтардын көбі кенес үкіметінің тұсында ғылым мен білімнің қайнар бұлағы болған Ресейден дәріс алған азаматтар. Жастарымыз да жоқ емес, олардың да өз шыққан биіктіктері баршылық. Жылына 60-65 окытушыны үш ай мен алты ай көлемінде шетелдерге жіберіп, тәжірибе алмасып тұрамыз. Университеттегі ұстаздардың 25 пайызы Америка, Алмания, Франция, Голландия сияқты дамыған елдердің оқу жүйесімен танысқан, көпшілігі тіл біледі.

– Оқулықтар жеткілікті ме? Оларды кім жазады?

– Біз жылына 2-2,5 миллион, кейбір кездері 3 миллион теңгенің көлемінде оқулықтарға қаржы бөлеміз. Өзіміздін ана тілінде шығатын оқулықтар көп емес, аздау. Сондықтан шетелден шыққан оқулықтарды аударып пайдалынатын ұстаздар бар. Көбіне Ресейден шыққан оқулықтарды сатып аламыз. Бүгінгі таңды біз өзіміздін ұстаздарға қаржы бөліп, оқулық жазуларына мүмкіндік тудырып отырмыз. Сонын нәтижесінде биыл 30 шақты кітап жарық көрді, ал 10 шақтысы дайындалып жатыр. Бірак оқулық жазу онай шаруа емес. Оған үлкен дайындық пен уақыт керек.

– Осы жерде есіме түсіп отыр, сіздердің оқытушылардың жазып шығарған окулығы жайлы даулы мәселелер былтыр котерілген болатын.

– Ол жұмыстан шығарылған бір мұғалимнің әңгімесі ғой...

– Мемлекеттік тілде оқыту дәрежесі қалай?

– Бүкіл оқу жүйесінің 60-65 пайызын қазақ тілінде жүргіземіз. Ана тілінде оқыту жылдан жылға өсіп келеді.

– Студенттердің жағдайы жайында не айтасыз, олар жатақханамен қамтылған ба, шәкіртақы ала ма?

– Грантпен келгендер шәкіртақы алады, өз ақшасымен тұскендерде ондай мүмкіндік жоқ. Ал, жатақхана керек дегенің бәрін камтамасыз етеміз. Ауылдан келген балалардың жағдайы шамалылау. Соны ескеріп, көмектесіп тұрамыз. Мысалы, 14 наурыз күні университеттін наурыз тойы болды. Сол күні барлық студентгерге бір айлық көлемінде қосымша шәкіртақы тараттық.

– Бұл қалыптасқан дәстүр ме?

– Иә, жылда осы мерекеде ұлгіретіні бар, ұлгірмейтіні бар, грант алғаны немесе төлемақы төлеп оқитыны бар, барлығына. Сондай-ақ, барлық оқытушылар мен қызметкерлерге де айлықтары көлемінде үстемақы бөлдік. Жаңа жылдың алдында да жарты айлық көлемінде жалпылама жәрдем көрсеткенбіз. Студенттердін шәкіртақысы өте аз. Мемлекет осыған көнил бөлуі керек-ақ.

– Жастар арасында ілім-білімге ұмтылушылар катары көбейіп келе ме, әлде самарқау ма?

– Жалпы, қазақ оқуға ұмтылатын халық. Бұл бізге келген жастардың бойында да бар дүние. Көптеген ата-аналарды білемін, өздерінің ішетін-жеитіндері шамалы бола отырып-ақ "осы балам окысын, адам болсын" деп қиыншылығына қарамай баласынын оқуына мүмкіндік жасайды. Сонау алғашкы нарық жылдары біздің университетте құжат өткізген талапкерлер саны 800-900-дың шамасы болатын. Ал былтыр 2800 талапкер бізге оқуға тұсуге талпыныпты. Байқадыңыз ба, оқуға талпынған жастар екі жарым, үш есеге жуық өскен. Бұл ілім-білімге ұмтылған жастардың көбеиіп келе жатқандығы. Мұны ынта демеғенде не деп айтамыз. Бұрынғыдай емес білімі, біліктілігі болмаса қызмет істеу мүмкіншілігі жоқ екенін халық түсініп келеді.

– Студенттердін этикасы мен мәдениеті қандай, байқадыңыз ба?

– Ауылдан шыққан жастар онда қандай тәрбие берсе, сонымен осында келеді. Ауыл казір күйзелісте, көптеген азаматтар екі қолын қалтасына салып бос жүр. Ауыл мектептерінің білім беру жүйесінде де олқылықтар бар. Біздің міндетіміз – студенттерге тек мамандығын игеретін дәріс беру ғана емес, оларды мәдениетке тартып, парасаттылыққа тәрбиелеу. Бүгінгі студент тәуелсіз еліміздің ертеңгі басшылары болары хак. Сондықтан, университетте көптеген әлеуметтік-гуманитарлық жағынан тәлімтәрбиелік дәріс береміз. Бұл республикамыздағы бүкіл оқу орындарынын жоспарында бекіген бағдарлама.

– Жакында Парламентте каралған "Ғылым туралы" Заң жобасы сенатта өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, мәжілиске кайтарылды. Осы заң жооасынма таныстыныз ба? Жалпы, алыш-косарыңыз бар ма?

– Мен ғылымның қазіргі жағдайына өкінішпен караймын. Біз ғылымның берекесін кетірдік. Көптеген ғылыми бағдарламалар мен ұсынылған технологиялар бұл күнде іске аспай қалды. Ал, мына 7 тарау, 33 баптан тұратын заң жобасында ғылымның беделін арттыру бағытындағы көңіл қуантар баптар бар. Басқа айтарлықтай өзгерістер жоқ. Біз өркениетті мемлекет боламыз десек, білім мен ғылымнын байланысын күшейтін, сапасын арттыру кажет.

– Соңғы сұрак. Сіз кантар айында "31" телеарнада соилеген сөзіңізде шетелге акша аударудың жолын кесш, инвесторлармен аражікті ашып алу керек дедіңіз. Осыны түсшікті етіп таратып айтсаңыз?

– Біз 90-шы жылдары реформаны асығыстау, қарқындатып жібердік қой. Сол жылдары зауыт, фабрикалар токтай бастады. Соған амал ретінде шетелдерден инвесторларды шақырдық. Оларға кәсіпорындардын біреуін жалға бердік, екіншісін саттық. Міне сол кезде жасалған шарттардын көптеген олкылықтары казір айқын көрініп отыр. Олардың бізден тапкан табысынын үлесі мемлекетіміздің еншісіне тимей, шетелге молынан кетіп жатыр. Осының жолын тарылтып, тоскауыл қойылу керек деген мәселе болатын айтканым. Бұл казір ешкімге құпия жағдай емес. Мемлекеттік жүйе де "бұл бізден кеткен кемшілік екен осыны жөндейік" деп соған ден қойып отыр. Елбасының өзі де шетелдік инвесторлармен жиналыстар өткізіп, шартты кайта қараныздар дегенді айтып жатыр. Бұл үлкен әрі киын, бірак шешілуі керек мәселе. Егер байлығымыз дәл осылай шет ел асып кете беретін болса Қазақстанның экономикасы ешқашан көтерілмейді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Гүлбану ҚҰЛПЕЙІСОВА.

ЖЕТІМ КӨРСЕҢ ЖЕБЕЙ ЖҮР

БАЛАНЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ

Кез-келген халық ұрпағының болашағыш ойламаса ол елдің болашағы бүлдыр. Бүгінгі танда еліміздегі жетім балалар тағдыры үлкен әлеуметтік проблемаға айналды. Олардың әлеуметтік жағынан қорғауда елеулі кемшіліктерге жол берілп отыр. Осы мәселелерге орай, жуырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ы. Алтышсарин атыидағы Білім академиясы, Тәрбие ғылыми зерттеу институты, Қазақстан Білім департаменті "Сорос-Қазақстан" қорымен бірлесе отырып, откізген екі күндік "Білім беру үйымдарында жетім балаларды тәрбиелеудің жай-күйі, мәселелері, әлеуметтік бейімдеудін болашағы" атты бірінші халықаралық ғылыми-практикалық конференция жетім балалар үйіндегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге арналды. Конференцияның негізгі мақсаты — жетім балалар үйіндегі оқу-тәрбие жұмысын жаңландыру, оларды қәсіби білім алуға бейімдеу. Бүгінде Қазақстанда 40 балалар үні, 11 жетім балаларға арналған мектеп интернат, 40 отбасы түріндегі мектеп-интернат үйі бар екен. Онда барлығы 11295 жеткіншек тәрбиеленуде. Бүгінгі таңда балалар үи түлектерін жұмысқа орналастыру, жұмыспен камту түйіні шешілмейтін мәселеге айналды. Осы қиындықтардың жолын табуға байланысты конференцияға катынасушылар баяндамашылар мен сойлеушілерді тындап, талқылай келе жетім балалардың әлеуметтік құқын қорғайтын жоба әзірлеп, оны Үкімет басшыларша, Парламент депутаттарына жолдады.

М. БЕЙСЕНҚЫЗЫ.

ЕҢБЕК ӨТЕУІ

Қ.БІРЖАНСАЛҰЛЫ, «Жетісу»

Жалпы, ел үшін жасаған еңбек өтеусіз калмайды. Еңбек түбі — зейнет.

Шырғанақ селосында тұратын Дина Оразаева ауданнан шыққан білікті дәрігерлердің бірі. Табанды еңбегінің арқасында "Құрмет белгісі" орденімен, бірнеше медальдармен, "Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі" белгісімен марапатталған. Қазірдін өзінде адам жанының арашашысы болып жүрген дәрігерге ел алғысын айтады.

Мұндай қуанышка көп жыл ұстаз болып жемісті жұмыс жасаған Өтеш Оразалин де ие болды.

Ел жүрегін ән-күйменен тербетті

Райымбек аудандық Мәдениет үйіне қарасты "Ереуілтәбе" фольклорлық-этнографиялық ансамблі мен "Хантеңірі" жастар ансамбілінің мүшелері Кеген және Нарынқол аймақтарында болып, енерге ынтық ел жүрегін ән мен күймен тербетіп қайтты.

Жалпы, енерпаз ұжымдардың ақиық ақынымыз. Мұқағали Макатаевтың жетпіс жылдығына арнап езірлеген концертпік бағдарламалары кеп көңілмен шықты. Өнер сапарының өз деңгейінде болуында аудандық Мәдениет үйінің директоры, сазгер әрі ақын Жақсылық Әбдірамановтың комақты үлесі бар. Ансамбль құрамындағы Сәмиға Әлдекенова, Нұрбақыт Мамытханов, Гүлжанат Шағанбаева, Жеңіскүл Қабділдақызы, Ермұханбет Сәтімбаев, Ләззат Бекмұханбетовалардың енері көпшілікті тәнп етті. Аймаққа белгілі енер иесі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Нағима Таласбаеваның әуелете шырқаған әндері жұрт кеңілін сергітті.

Аталған ансамбль мүшелері енді кершілес Ұйғыр, Панфилов аудандарында, Талдықорған қаласында енер керсетуге дайындық үстінде. Бұл жолы олар М. Шахановтың "Қайын ене мен келін" атты сахналық қойылымын ала бармақ.